

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Қожан Темірбек Серікұлы

Легенда тұрғын үй кешенінің құрылысын геодезиялық қамтамасыз ету

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07303 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6В07303 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»



Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Қожаң Темірбек Серікұлы

Тақырыбы: Легенда тұрғын үй кешенінің құрылысын геодезиялық қамтамасыз ету

Академиялық істер жөніндегі проректор 2022 жылғы «23» 11 №408-П/Ө

бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «01» маусым _____ 2023жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: практика кезінде алынған шағын
аудандағы жұмыстар туралы мәлімет

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер, арнайы бөлім.

а) Құрылыс алаңын техникалық даярлау жұмыстарын атқару

б) инженерлік-геодезиялық жұмыстар

в) құрылыс барысындағы геодезиялық жұмыстар.




Графикалық материалдардың тізімі: инженерлік - геодезиялық жұмыстар туралы
ақпарат, бөлу жұмыстар

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 1. Григоренко А. Г., Киселев М. И. Инженерная геодезия.—
М.: Высшая школа, 2009, 2. Атымтаев Б.Б., Пентаев Т.П. А 90 Инженерлік геодезия - Оқулық.
Алматы: «ЭВЕРО» баспаханасы, 2005. -184 б. 3. Кыргызбаев Г.М. Жоғарғы геодезия: Оқу
құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014 – 151 б.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Геодезиялық бөлім	07.04.2023	Ескерту жоқ
Арнайы бөлім	18.05.2023	Ескерту жоқ

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен және норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геодезиялық бөлім	Кыргызбаева Г.М. Техника ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор	<u>06.06.2023</u>	
Арнайы бөлім	Кыргызбаева Г.М. Техника ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор	06.06.2023	
Норма бақылаушы	Шакиева Г.С. Т.ғ.м	07.06.2023	


Ғылыми жетекшісі

Кыргызбаева Г.М.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Қожан Т.С.

Күні 06.06 2023ж.



АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста «Легенда» тұрғын үй кешенінің құрылысы кезіндегі геодезиялық жұмыстар көрсетілген. Жұмыс 5 тараудан тұрады.

Бірінші тарауда құрылыс аумағының физика-географиялық сипаттамасы мен топографиялық зерттеулер жазылған.

Екінші тарауда жоспарлы-биіктік негіздерін құру жұмыстары көрсетілген.

Үшінші тарауда қазаншұңқырда жүргізілген геодезиялық жұмыстар жазылған.

Төртінші тарауда қолданылған аспаптар жайлы мәлімет берілген.

Бесінші тарау жұмыстың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе показаны геодезические работы при строительстве жилого комплекса «Легенда». Работа состоит из 5 глав.

В первой главе дано физико-географическое описание района строительства и топографические изыскания.

Во второй главе показаны работы по созданию планово-высотных.

В третьей главе описываются геодезические работы, проводимые в котловане.

Четвертая глава содержит информацию об используемых инструментах.

Пятая глава посвящена стабильности и безопасности труда.

ANNOTATION

The diploma work shows the geodetic works during the construction of the residential complex "Legend". The work consists of 5 chapters.

In the first chapter, a physical and geographical description of the construction area and topographical surveys are given.

In the second chapter, work on creating plan-facade bases is shown.

The third chapter describes the geodetic work carried out in the pit.

The fourth chapter contains information about the instruments used.

The fifth chapter is devoted to the stability and safety of work.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1 Алматы қаласының және жұмыс ауданының жалпы сипаттамасы	7
1.1 Жұмыс ауданының физика-географиялық және экономикалық сипаттамасы	7
1.2 Алматы қаласының экологиялық жағдайы	8
1.3 Алматы қаласының топырағы	8
1.4 Алматы қаласының халқы	9
1.5 Легенда тұрғын үй кешенінің сипаттамасы	10
2. Инженерлік геодезиялық бөлім	
2.1 Геодезиялық негіздер жасау	14
2.2 Жоспарлық – биіктік бөлудің негізін құру	16
2.3 Құрылыс торын бекіту	17
2.4 Бөлу жұмыстарын орындау әдістемесі	19
3 Құрылыс алаңындағы геодезиялық жұмыстар кешені	24
3.1 Котлован әзірлеу	24
3.2 Жобаны іске асыру	25
4. Құрылыс алаңындағы жалпы жағдай мен жұмыс барысында қолданылған аспаптар	28
4.1 Қолданылған аспаптар	28
4.2 Құрылыс алаңының жалпы жағдайы	29
5. Геодезиялық жұмыстардағы қауіпсіздік және құрылыстық экономикалық есептеу	31
5.1 Геодезиялық жұмыстардың құрылысындағы қауіпсіздік	31
5.2 Объектідегі жұмыс көлемін есептеу	33
5.3 Смета құру	33
Қорытынды	
Пайданылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Бұл дипломдық жұмыста Алматы қаласы Бостандық ауданындағы "Легенда тұрғын үй кешені" салу кезіндегі орындалатын инженерлік-геодезиялық жұмыстар кешені қарастырылады.

Соңғы жылдары Қазақстанда Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы бойынша тұрғын үй кешендерінің құрылысы, сондай-ақ өнеркәсіптік ғимараттардың құрылысы айтарлықтай өсті. Монолитті қаңқаны салудың жаңа технологиясын еңгізу көпқабатты үйлерді жылдам қарқынмен көтеруге мүмкіндік береді.

Дипломдық жұмыс 5 тараудан тұрады. Онда тұрғын үй кешені салу кезеңіндегі жасалған геодезиялық жұмыстар көрсетілген.

Бірінші тарауда құрылыс кеңістігінің физикалық-географиялық сипаттамасына, құрылыс кеңістігін топографиялық-геодезиялық зерттеуге арналған. Осылайша, біз құрылыс нысанының сипаттамасын аламыз.

Екінші тарау жоспарлы-биіктік негізін құрайтын құрылысқа арналған топографиялық-геодезиялық жұмыстар ретін атқару шарасы көрсетілген.

Үшінші тарау монолит жүргізілген бірнеше жұмыс көрсетілген: қалып элементтерін салстыру, монолиттің қаттылық бөлігінің геометриялық орналасуын қадағалау. Сондай-ақ қазақшұңқырды жобалау және ғимараттың құрылысы бойынша геодезиялық жұмыстар сипатталған.

Төртінші тарауда құрылыс алаңында геодезиялық өлшеулер Leica және SETL аспаптарымен жүргізілді. Үлкен және кіші осьтер тікбұрышты координаталар әдісімен, сондай-ақ тахеометрдің «базалық сызық» функцияларымен алынды.

Бесінші тарауда жобаның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қарастырылады. Яғни, далалық жұмыстар кезінде, сондай-ақ камералдық жұмыстар кезінде, арнайы бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен компьютермен деректерді өңдеу кезінде, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру және құрылыс алаңында ықтимал қауіпті аймақтарды анықтау кезінде құрылыс ауданында еңбекті қорғау.

1 Алматы қаласының сипаттамасы

1.1 Жұмыс ауданының физика-географиялық және экономикалық сипаттамасы

Алматы қаласы Еуразияның орталығында, Республикамыздың оңтүстік-шығысында орын алып тұр. Географиялық координаттары: 77 градус шығыс және 43 градус солтүстік (ендік: 43°15 ' 24 "С. Е. бойлық: 76°55 '42" ш. б. биіктік:787 М.). Алматы Гагра және Владивосток сияқты танымал қалалармен бір параллель орналасқан. Алматы Іле Алатауының бөктерінде - Тянь-Шаньның ең солтүстік тау жотасында орналасқан. Сонымен қатар Алматы Душанбе немесе Ереван сияқты таулы қала. Қаланың жалпы ауданы 170 шаршы шақырымнан асады. Ол Іле Алатауы мұздықтары мен тау шатқалдарынан ағатын үлкен және Кіші Алматы өзендері мен олардың салаларының аңғарында орналасқан. Таулы өзендер мен көлдер - Алматының сумен жабдықтаудың басты көзі.

Алматының баурайында: күн және ғарыш радиациясын зерттейтін ғылыми станция, Камен үстірті мен Асу асуындағы астрофизикалық обсерваториялар, Медеу қысқы стадионындағы спорт алаңдары, Шымбұлақ тау шаңғысы станциясы, альпинизм және туристік лагерьлер, қонақ үйлер, демалыс орындары мен кемпингтері бар.

Талғар (5017 м), Комсомол (қазір Нұрсұлтан 4376 м) және Үлкен Алматы (3684 м) - бұл әсем панорамалық шыңдардың барлығы қаланы оңтүстіктен қоршап тұр. Бұлттардың үстінен көтерілген кейбір шыңдар еуропалық биік Монблан, Кавказ Қазбек, және американдық Тэжумулько сияқты шыңдармен салыстыруға әбден лайық.

Алматы көк төбеде орналасқан таулары мен көрікті жерлерімен танымал. Мүмкін бұл қаланың визиттік карточкаларының бірі деп те айтуға болады. Күн сайын жұмыс істейтін көк-төбенің биік нүктесіне аспалы жолдың көмегімен көтеріліп, теңіз деңгейінен 1.130м биікте орын алған бұл позициядан Алматы қаласына тамаша бейне ашылады. Аспалы жол қаланың ең көне бөлігінің, сирек кездесетін бақтардың үстінде орналасқан, жергілікті халық қаланың бұл бөлігін «Компот»деп атаған. Бұлай аталуының себебі: Вишневая, Грушовая, Виноградная сияқты сол ауданда орналасқан көшелердің ықпалы деп айтсақ та артық емес. Көк-Төбе шыңында биіктігі 350 метр болатын телемұнара тұр.

Кенес Одағының ыдырауы көптеген қиындықтар арқылы құрылған экономиканы, өндірістік байланыстарды бұзды. Алматының экономикасы құлдырап, бүкіл ел күрт төмендеді. Әрине, адамдарға өмір сүру қиындай түсті. Нәтижесінде, 90-шы жылдары шаттл сауда деп аталатын танымал сауда түрі пайда болып, жеті-сегіз жыл бойы қарқын алды. Бірақ бұл қиындықтар еңсеріліп, астана Ақмолаға көшкеннен кейін экономикалық өсу кезеңі басталады.

Инвестиция жағынан серпіліс алматыны толықтай жаулады, қаладағы құрылыс өсті. Ол өзінің бүкіл өмір сүру кезеңінде көптеген ондаған жылдар

бойы Қазақстанның экономикалық, этнографиялық және білім беру орталығы болып қала берді. Алматыда жұмысты оңай табуға болады, сонымен қатар көп бос жұмыс орындары бар, бұл ЖІӨ жоғары екенін көрсетеді. Қалада азық-түлік сататын, пластмасса, резеңке бұйымдарын шығаратын көптеген кәсіпорындар бар. Жалпы көрсеткіштің 70 пайызын Алматы қаласының экономикасы көрсетіп отыр. Прокат, соғылған конструкциялар металлургияның дамуынан қалыспайды. Сапалы газбен және электрмен жабдықтау Алматы қаласындағы кез келген үйде өзіңізді жайлы сезінуге мүмкіндік береді. Көпқабатты үй мен бизнес орталықтары кондиционерлеу тұрғындар мен қонақтардың тілектерін қанағаттандырады. Жылдық есептер көрсеткендей, соңғы жылдары Қаланың бюджеті бүкіл республикалық бюджеттің төрттен ширегін құрады.

1.2 Алматы қаласының экологиялық жағдайы

Экологиялық жағдайға байланысты Алматының рельефі тау етегінде орналасқандықтан тостаған тәрізді ойпаңға айналған. Осындай рельефтер Лос-Анджелес пен Афинада кездеседі. Қатты ластанған ауа мен нашар желдету салдарынан қала қатты зардап шегеді. Көпқабатты үйлердің көптігі, адамдардың қала орталығына оның сыртынан гөрі жақынырақ тұруға деген ұмтылысы. Бұл елдің экоауасына, жұмысқа жақын болу және жолда аз уақыт өткізу мақсатында адамдардың қалаға көшуіне әсер етеді.

Желдің орташа жылдық жылдамдығы - 1,24 м/с

Ауаның жылдық орташа температурасы - 9,1 °С

Ауаның орташа жылдық ылғалдылығы - 62,1%

Спутниктік қалалар, Алматы. Алматының спутниктік дамуының сипатты ерекшелігі оның солтүстікке, батысқа және шығысқа веер тәрізді бағытталуы және Іле Алатауының биік тау тізбегі орналасқан оңтүстігінде құрылыстың мүлдем дерлік жоқтығы болып табылады. 50 километр радиуста қаланың негізгі серіктері қалалар мен елді мекендер болып табылады.

1.3 Алматы қаласының топырағы

Алматы қаласының топырағы, топырақ жамылғысының құрамы Іле Алатауы аймағының тік орналасуына байланысты. Таулардың етегінде орналасуы табиғи-климаттық белдеулердің әртүрлі құрамын тудырады, яғни. топырақ және өсімдік жамылғысының әртүрлі болуын тудырады. Медеу трактісі шалғынды-орманды дала аймағындағы орта таулы шалғынды-орманды белдеуден сәл төмен орналасқан. Бұл зонада шайылған қара топырақтар, орман далалар және тау, ормандық-шалғындықтар топырақтар көптеп кездеседі. Мұндағы топырақ табиғи ылғалмен қамтамасыз етілген. Одан төмен қарай далалық тау етегі аймағы. Ол келесі белдеулерден тұрады: қара топырақтық үлкен таулы етегінің белдемі (приловков) (1200-1400 м дейін)

және қара каштан топырақты тау етегіндегі белдемінен (750-ден 1000 м-ге дейін). Қара топырақтар әл-Фараби даңғылының төменгі жағынан Таусамалы ауылына дейін орналасқан. Бұл қабат әлемдегі ең құнарлы қабаттардың бірі болып табылады. Қаланың негізгі топырағы - каштан (көбінесе қара каштан) Әл-Фараби даңғылынан төмен, Райымбек даңғылына дейін.

Қаланың солтүстік бөлігінде ерекше табиғи жағдайлар бар. Территориясы өзен аңғарлары мен сайлары бар тау етегіндегі еңіс жазық болып келеді. Бұл аймақ сазды қалың қабатынан тұратын, едәуір тереңдікте құм-қиыршықты шөгінділер жатқан тау етегіндегі шөлді дала.

1.4 Алматы қаласының халқы


Алматы қаласының халқы өте алуан түрлі. 20 ғасырдың ортасына дейін оның құрамындағы орыстардың үлесі 70%-ға жетті. Ал 2000 жылдардың ортасында ғана қазақтар басым болды. Бүгінде Алматы тұрғындарының төрттен бір бөлігін орыс халқы құрайды. Айта кету керек, КСРО ыдырағанға дейін жағдай түбегейлі басқаша болды. 1989 жылғы халық санағы бойынша қазақтар қала халқының 23,8 пайызын ғана құраған. Бірақ ресейліктердің үлесі ол кезде 50 пайыздан асты. Содан бері жағдай өзгерді (1-сурет). Қазір қазақ халқының саны басым. Бұл КСРО-ның ыдырауымен және оның халықтарының кейіннен оқшаулануымен байланысты.



1-сурет – Қазақстан картасындағы Алматы қаласының орналасуы

1.5 Легенда тұрғын үй кешенінің сипаттамасы

«Легенда» тұрғын үй кешені Бостандық ауданында, Абай даңғылы мен Манас көшелерінің қиылысында орналасқан (2-сурет). Бас мердігер – «БАЗИС-А Констракшн» компаниясы.



2-сурет – Легенда тұрғын үй кешенінің орналасқан орны


«Легенда» жерасты автотұрағы бар көпқабатты тұрғын үй кешені бай және белсенді өмірмен, әлеуметтік инфрақұрылыммен қоршалған. Тұрғын үй кешеніне жақын жерде жайлы тұру үшін қажеттінің бәрі бар. Үйден жұмысқа немесе мектепке дейінгі уақыт бірнеше минутты алады - сіз оларды оңай серуендеуге жұмсай аласыз. Легенда тұрғын үй кешені қаржы және бизнес әлемімен, беделді зияткерлік мектептермен және елдің жетекші университеттерімен қоршалған. Бұл тұрғын үй кешенінде барлық ерекше құрамдас бөліктер біріктірілді - оңтүстік астананың ең тартымды бөлігінде орналасуы және таулардың әсем көріністері, қасбеттердегі тік көгалдандыру тұжырымдамасы және сәнді жабық саябақ, экологиялық таза құрылыс технологиялары және табиғи материалдар. Легенданың ерекше Кварталы сияқты өмір сүруге ыңғайлы орынды табу қиын.

Алматы циркі, спорт сарайы. Балуан Шолақ, Әуезов атындағы драма театры, Неке сарайы, "Қиял әлемі" саябағы-әрбір алматылыққа таныс ерекше орамның аңызға айналған ортасының аз ғана бөлігі. Әр түрлі стильде жасалған тұрғын үйлердің бүкіл жүйесі заманауи кварталдың есте қаларлық және стильді бейнесін жасайды. Табиғи тас, клинкер кірпіші және түрлі-түсті керамикалық панельдер Легенданың ерекше кварталындағы үйлерге эстетикалық және ерекше көрініс береді.

«Легенда» тұрғын үй кешені – 14 және 16 қабатты үйлер, сіздің пәтеріңізді күн сәулесімен, таза ауамен және таулардың панорамалық

көрінісімен қамтамасыз ететіндей етіп орналасқан. Тұрғын үй кешені көлік тұрағына оңай шығу және кіру үшін айналмалы қозғалысты қамтамасыз етеді. «Легенда» кешенінің сәулеті болашақтың идеяларын бүгінгі күннің тенденцияларымен үйлестіреді. Легенданың келбеті динамикаға және жарық пен көлеңкенің жанды ойынына толы (3-сурет). Көгалдандырудың бірегей тұжырымдамасы Легенда мегаполистің панорамасында ерекше етіп көрсетеді.

Панорамалық терезелері бар қасбеттердің түзу сызықтары ағаштар орналасқан шығыңқы подиум-балкондармен қиылысады. Түрлі түсті және текстураның материалдары мен нағыз ағаштардың үйлесімі – «Легендада» көрсетілген заманауи эклектизм Алматыны бағындырады. Легенда сәулетінің табиғи жалғасы - сәнді лоббилер. Сәнді интерьер сіздің мәртебенізді ерекше көрсетеді. Тегіс сызықтар, экологиялық таза табиғи материалдар, декор мен жарықтандырудың сәнді екпін элементтері, асыл реңктер - атмосфера тыныштықты қамтамасыз етеді және дұрыс көңіл-күйді тудырады. Кешендегі пәтерлер - сіздің әлемді түсінуіңіздің көрінісі. Төбелер мен панорамалық терезелер ауа мен жарыққа толы шексіз кеңістікті жасайды. Таулардың әсем көріністері, терезе сыртындағы табиғат тынысы және балкондағы жасыл ағаштар эстетикалық мағыналарды толықтырады. Сіздің нәзік талғамыңыз, стильді сезінуіңіз және сіздің қалауыңызға деген сенімділігіңіз сәнді, көп қырлы интерьерді құрудың соңғы рамкасы болып табылады.



3-сурет – Легенда тұрғын үй кешенінің көрінісі

2 Инженерлік геодезиялық бөлім

2.1 Геодезиялық негіздер жасау

Құрылыс бастау алған сәттен бастап жұмыс алаңында берілген жұмыстар нақты берілген шарттар мен белгіленген көлемде, дәлдікте жүргізіледі. Бұлай орындалудың бірден-біре себебі кешен жұмысы біткеннен кейін барлық параметрлер белгіленген нормада және ережеге сай талапта орындалуын сақтайды. Негізгі міндет құрылыстың барлық кезеңдерін инженерлік атқару болып келеді.

Ең негізгі міндетерге осылар кіреді:

- Жұмысты жобалау;
құрылыс ұйымдары әзірлеген жұмыстарды өндіру талқылауға және бекітуге қатысу;

- Өндірістегі карталарды талқыға салу және геодезиялық таңбалау жұмыстарын бақылау;

- жобалық ұйымдардан нысанның сызбалық базасы мен техникалық құжаттамасын акт бойынша қабылдау, оны көшпелі тексеру;

- акт бойынша геодезиялық орталық базасын, схемаларын, сызбаларын түсіндірме жазбасы бар ұйымдарға беру;

Құрылыс кезеңіндегі геодезиялық жұмыстардың құрамы.

- заманауи геодезия әзірлемелерінің, спутникті навигациялы жүйелердің заманауи технологияларын, электронды тахеометрлерді, автоматтандырылған цифрлық фотограмметрия жүйелерін пайдалана отырып, аэрофото және жер үсті фотограмметриясын енгізуге жәрдемдесу;

- құрылыс ұйымына заманауи геодезиялық жүйелер мен аспаптарды (электрондық тахеометрлер, теодолиттер, лазерлік қашықтық өлшеуіштер, көздеуіштер, нивелирлер, айналмалы нивелирлер және т.б.) енгізу;

- геодезиялық қызметтің (геодезиялық бөлімнің) аспаптармен, құралдармен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуін есепке алу, олардың қажеттіліктерін анықтау, кейіннен оларды жөндеу және тексерудің оңтайлы қызмет ету мерзімін ескере отырып, жөндеу және тексеруді ескере отырып, бақылау. геодезиялық аспаптар мен қосалқы жабдықтардың орташа қызмет ету мерзімі;

- топографиялық-геодезиялық жұмыстар өндірісіндегі еңбекті реттеу;

- геодезиялық бөлім қызметкерлерін зерттеуге тарту, дағдыларды жалпылау және геодезиялық жұмыстарды жүргізудің озық тәжірибесін енгізу.

Геодезиялық қызметтердің функциясына келесілер кіреді:

- құрылыс алаңында және құрылыстың бүкіл кезеңдерінде геодезиялық қызметтермен қамтамасыз ету;

- реперлер және құрылыс торларының нүктелерінің координаталары мен биіктерін каталогын, сұлбаларын, орналасу туралы мәліметтерін, профильдерін беруді жүргізу;

- жоба жасайтын ұйымның жоспарлары мен сызбаларын қадағалау.

Құрылыс процессінде геодезиялық жұмыстар бөлімнің айырылмас бөлігі болып келеді. Атқарушы зерттеулерді, жалпы құрылысты, қалып элементтерін монтаж жасау және монтаждау жұмыстарының мерзімімен келісілген құрылыс барысы үшін бір кесте бойынша жүргізген жөн.

Құрылыс алаңындағы геодезиялық жұмыстарды мердігер тапсырыс берушілер орындайтын жұмыстарға шартты түрде бөлуіне болады.

Тапсырыс берген орынды қабылдаушы арнайы жұмыстар комплексін жүргізу арқылы дайындауды бастайды, компания құрылысқа қатысы бар және байланысты геодезиялық жұмыстарды атқарады, салыну барысындағы ғимарат пен құрылысты геодезиялық бақылау жүргізеді.

Құрылыс аланында геодезиялық жұмыстарды компания орындайтын жұмыстармен шамалап бөлуге рұқсат беріледі. Мердігер құрылыс алдындағы жұмыстарды орындайды. Маркшейдер құрылыс-монтаждау жұмыстарының қондырылған элементтерінің орындалуының дәлдігін бақылауды жүзеге асырады. Бұл жұмыстар тұтынушы жобалары мен стандарттарына назар аударыла отырып жасалады.

Геодезиялық жұмыстар кешені жобаны жобалаумен және құрылысқа дейін материалдар жинағын өндірумен бірге жүйелі түрде жүзеге асырылады. Осыған сәйкес аландағы орынды таңдау салынатын аумақты анықтау және материал жинау бірге жүреді. Ғимаратты эзрлеу және геодезиялық іздестірулерді өндіруді, сонымен қатар техника және геология жұмыстарын қажет қылады. Сайкесінше карта мен жоспар, координаталар мен биіктік реперлер, профиль бейнесінде қосымша деректер қосылады. Құрылыс конструкциясын құру барысында геодезия жұмыстары қалыптасып жатқан элементтердің геометриялық аспектерінің басқару және дайын құрылыс конструкцияларының параметрін статикалық қарауды қамытуы мүмкін. Алдын-ала құрылыс кезінде геодезисттер құрылыс аланында келесі жұмыстарды жасайды, аумақты техникалық дайындайды, ғимараттың негізгі осьтерін орналастырады және оларды құрылыс алаңына шығарады және бекітеді.

Негізгі құрылыс кезеңінде құрылыс элементтерінің осьтері ландшафтқа дейін созылады. Яғни, құрылымның осьтерінің егжей-тегжейлі нұсқауы жасалады;

Құрылыстың жар астындағы, жер устиндегі бөліктерін салуға арналған құрылыс монтаждау жұмыстарын геодезиялық қамтамасыз ету (белгілерді алып тастау, осьтерді және белгіні орнатулар горизонтқа ауыстыру, оларды орнату барысында орнату элементтерін туралау және т.б). Тағы да құрылыстық элементтің атқарушылық шолуын құжаттамада атқарушы диаграммалар және сызба түрінде алынады. Жұмыс біткен соң құрылыс барысында геодезиялық жұмыстың нәтижелері жайлы есептер жасалады және өткізіледі. Аяқталған құрылыстың атқарушылық басты жоспары, арнайы техникалық сұлбалар, атқарушылық профиль, секциялар.

2.2 Жоспарлық – биіктік бөлудің негізін құру

Ендігі кезеңде геодезиялық негізгі пункттерінің бекіту шарттарын және жоспарлық – биіктік жағдайларын анықтау дәлдігін жұмыстарды атқару талабына сәйкес болу керек. 1:500 масштабтағы топографиялық түсірілімдерді жүргізу үшін полигонометрияның 2 санатындағы анықталған нүктелердің дәлдігі керек. Құрылыс жүрүп жатқан алаңда геодезия жұмыстарының бөлуі негізінің нүктелері бір біріне сай орташа алғандағы қателігі 3 миллиметрден аспаған кезде жүзеге асуы мүмкін. Биіктік пен координаттарды анықтау тәсілдері – координаталар жоғарғы дәлдігі бар теодолиттік жүрү төсеулерімен және мемлекеттік геодезиялық желілердің пункттерінен геометриялық нивелирлеумен айқындалады. Жақын жерде ГТС пункттері жоқ аудандар үшін спутниктік технологиялармен жұмыс істеу көзделеді - ГЛОНАСС/GPS жүйелеріндегі координаттарды анықтау үшін жоғары дәлдіктегі геодезиялық жабдықты пайдалана отырып, мамандандырылған бағдарламалардың көмегімен өлшемдерді теңестіре отырып. Құрылыс алаңдарындағы жұмыс Геодезиялық засечкаларды қолдана отырып, координаттарды ауыстырумен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда әдіс пен оның түріне байланысты жоспарланған биіктік негіздеудің әртүрлі нүктелері мүмкін. Негіздемелі бекітудің ең кең таралған және қарапайым тәсілі - асфальтқа соғылған қақпағы бар дублер немесе геодезиялық координаттарды ғимараттардың қабырғаларындағы шағылыстыратын рефлекторлық маркаларға беру.

Тығыз қала құрылысындағы ең оңай және ең арзан әдістер жоспарлық биіктік негіздемесін бекіту әдістері болып табылады, бірақ оларды ең сенімді деп санауға болмайды. Негіздемелі бекітудің ең көп уақытты қажет ететін, қымбатқа түсетін жолы - арматураны немесе тереңдігі 3 метрге дейін металл құбырды төсеу, үстіне бетон салу.

Ұзақ мерзімді геодезиялық жұмыстар мәжбүрлі орталықтандыру нүктелерін пайдалана отырып, оларға геодезиялық құралды орнату арқылы жүргізіледі. ГТС құру және төсеу ірі кәсіпорындар немесе оқу мекемелерімен жүзеге асырылады.

Геодезиялық қадаларды құру геодезиялық құрылыстар үшін тиісті бастапқы мәліметтерді, сондай-ақ құрылыстың әрбір сатысында өлшеулерді қамтамасыз ету үшін қарастырылған.

Оларды белгімен сенімді бекітетін геодезиялық пункттің дамыған желілері ретінде құрау қажет. Олардың орны тікбұрышты координаталары Х, У, биіктігі Н арқылы анықталады.

Жұмыс геодезиялық тірек базасын тексеру актісін және қадалық негізді бекіту актісін дайындаумен.

Пландық-биіктік негіздемесін құру жергілікті координаталар жүйесіне байланыстыратын неше түрлі түсірулер кезінде алғашқы координаталар мен биіктерді қамтасыздандыру үшін қарастырылған.

Түсірім негізін құрау биік және жоспралы негіздердің тығыздығына дейінгі тығыздығын қамту үшін ойластырылған, бұл кезде рельефтерді түсіру белгілі бір әдіспен орындалатын болады.

Техникалық жоба аясында түсірім негіздеу пунктердің орныласуымен тығыздықтарын беру рельефті және жағдайларды түсіру туралы белгіленген әдіспен жүзеге асырылады.

Түсірілім негізін әзірлеу мемлекеттік геодезиялық желілердің, бір және екі разрядты техникалық нивелирлеудің сонымен қатар қалындататын геодезиялық желінің пунктiмен жүзеге асырылады.

Нүктелердің координаталарын анықтау үшін GNSS қолдану кеңінен таралған. Бұл әдіс орындауда ең ыңғайлы және тиімді болып шықты. Бұл опция геодезиялық қабылдағыштар мен жасанды навигациялық жерсеріктердің көмегімен нүктенің географиялық координаталарын анықтауды қамтиды.

Бұл технологияларды әзірлеу бастапқыда тек әскерилер үшін жүзеге асырылды және тек олардың қызметінде кездесті. Бірақ бүгінде олар кеңінен жұмыс істеу үшін жалпыға қолжетімді болды. Қазіргі геодезиялық қабылдағыш екі спутниктік координат жүйесімен жұмысын жүргізуін қамтиды. Америкалық Навстар GPS ГЛОНАСС. Әлемдік спутниктік навигациялық жүйелер әртүрлі нүктелерде орналасып кез келген жерлерді анықтауға жол ашады. Практика бұндай жүйемен жұмысты істеудің даусыз жақсы жақтарын айқындайды – нүктелердің арасындағы көру сызығын қажет етпей, өлшеудің қателігін азайтады, ауа райының құбылыстарына қарамастан өлшеуді орындау мүмкіндігі бар. GNSS-пен жұмыс істеу белгілі бір нүктенің орнын анықтауда уақытты айтарлықтай үнемдейді.

GNSS пен жұмысты атқарудың арқасында жұмыс өнімділігі артады, инженерлік-геодезиялық іздестіру жұмыстарына уақыт үнемделеді, қазіргі топографиялық түсірістердің мүмкіндіктері кеңейеді. Геодезиялық жұмыстар шеңберіндегі GNSS әдісі жүйесінің берілген қасиеттері мен ерекшеліктері координаталарды дәл және жылдам анықтаудың нақты мүмкіндіктерін растайды.

2.3 Құрылыс торын бекіту


Құрылыстық торлары – Өнеркәсіптегі ғимарат үшін бөлудің негізі болып табылады. Әкімшілік азаматтық нысандарға арналған қызыл сызықтар. Қала құрылыс кезінде өз берілген нормаларымен талаптыры болады яғни ол дегеніміз әкімшілік қызыл сызықтан асып ешқандай құрылыс жүргізуге болмайды деген сөз. Қызыл сызықтардың артында әдетте тас жолдар, инженерлік желі болмаса кабельдер жүріп жатуы мүмкін. Құрылысқа арналған торлар – қарапайым тілмен айтқанда бұл құрылыстың аланындағы квадрат не төртбұрыштар көрінісі. Бұл торларға сүйене отырып құрылысты ары қарай жүргізу жұмыстары сәл оңайландырады.

Бұл торлар мемлекеттік әкімшілік қызыл сызықтарына қарама қарсы яғни паралель жүргізіледі.

Құрылысқа арналған торларды жергілікті жерге орнықтырудың екі әдісі бар олар:

- Қысқа уақытқа бекіту
- Ұзақ мерзімге бекіту

Торды бөлу жұмысын аланның ортасынан яғни базис нүктеден басған жөн (4-сурет). Базистік нүктелер жер бетіне кері геодезия есебін шығару арқылы енеді.



4-сурет – Құрылыс торының бастапқы бағыттарын шығару схемасы

Тордың осы конфигурациясымен бөлудің негізгі әдісі (құрылымдардың негізгі осьтеріне қабырғалардың параллельдігі) ең қарапайым тікбұрышты координаттар әдісі болып табылады. Бұл әдіс үшін басқалармен салыстырғанда қарапайым және бөлшектеу жұмыстарын аналитикалық дайындау. Сондықтан, егер рельефтегі кейбір кедергілерге байланысты кейбір тор сызықтарын жобаға сәйкес бекіту мүмкін болмаса, олар жобалық жағдайға параллель қозғалады, бірден сызбаларға түзетулер енгізеді.

Проектировщиктер мен құрылысшылар квадраттар торын бөлшектеу сызбаларын жасау үшін ең оңай деп санайды. Торды ұзақ уақыт бойы сақтау тұрғысынан кейде тіктөртбұрыштар торы пайдалы, оның ішінде негізгі құрылымдар орналасады. Қабырғасы 200 м шаршылардың ең көп таралған торлары; коммуникациялар саны көп кәсіпорындар үшін кейде қабырғасы 100 м торлар салынады. Кәсіпорындардың типтік жобаларымен қатар құрылыс торларының типтік схемаларын жасау өте орынды. Кейбір жағдайларда әртүрлі тығыздық пен конфигурациядағы құрылыс торын жасау ұтымды. Мысалы, бірінші кезеңнің учаскесі үшін - бас жоспармен мүмкіндігінше тығыз байланыстырылған тіктөртбұрыштар торы; жобалық бас жоспардың түпкілікті нұсқасы әлі жасалмаған екінші кезеңнің алаңында шаршылар торы; технологиялық жағынан бір-бірімен байланысы жоқ қосалқы құрылымдардың

орнында - айтарлықтай ұзын жақтары бар квадраттар немесе тіктөртбұрыштар торы.

Құрылыс торын төсеу бойынша өлшемдердің дәлдігін есептеген кезде, біріншіден, ол құрылымдардың негізгі осьтерінің бұзылуын қамтамасыз етуі керек және екіншіден, бас жоспарды түсіру үшін негіз болуы керек деп есептеген жөн.

Құрылымдардың негізгі осьтерін орналастыру үшін көрші тор нүктелерінің салыстырмалы орнында жоғары дәлдікті сақтау маңызды.

Әдебиеттерде бағандар аралығына, конструкцияларды орнату мен дайындаудың дәлдігіне немесе конструкция класына және таңбалау жұмыстарының технологиясына байланысты құрылыс торларының дәлдігін негіздеуге көптеген әрекеттер жасалды. Геодезиялық қадағалау негізін салу үшін ҚНЖЕ рұқсат берген орташа квадратты қателіктері берілген (1-кесте).

Кесте 1 – Геодезиялық қадағалау негізін салу үшін ҚНЖЕ рұқсат берген орташа квадратты өлшеу қателіктер

Объект характеристикасы	Бұрыш	Қабырға	Артықшылығы мм
100 гектардан астам учаскелердегі кәсіпорындар мен ғимараттар мен құрылыстар топтары. Құрылыс алаңы 100 мың шаршы метрден асатын жеке ғимараттар мен құрылыстар	5"	1/50 000	2
100 гектарға дейінгі алаңдардағы кәсіпорындар мен ғимараттар мен құрылыстар топтары. Құрылыс алаңы 10-нан 100 мың шаршы метрге дейінгі жеке ғимараттар мен құрылыстар	10"	1/15 000	2
Салынған ауданы 10 мың шаршы метрге дейінгі ғимараттар мен құрылыстар	20"	1/5 000	3

2.4 Бөлу жұмыстарын орындау әдістемесі

Құрылыстың өндіріс кезіндегі ең маңызды істердің бірі бұл – бөлу жұмыстары болып келеді. Сол себепті бөлудің мағынасы құрылыстың әр кезеңіне тікелей байланысты. Мердігерлер нәтижені мүмкіндігінше дәл ету үшін әр ұсақ-түйекке тиісті көңіл бөледі.

Бұл жұмыстар негізінен үш кезеңге бөлінеді:

- даярлау кезеңі. Аланда қажетті негіздердің жасалуы.
- бөлу жұмысының екінші кезеңі-оны қағаз бетінен жер бетіне көшіру жұмыстарын әзірлеу.
- құрылыстарға арналған осьтерді бөлу.

Бөлу жұмыстары бірнеше әдіспен жүзеге асады:


- полярлық және тікбұрышты сосын жарма засечкаларды орнату;
- сызықтық, бұрыштық
- аралас типтегі засечкаларды орнату

Тікбұрышты координаталарды есептеп алу бұл бөлу жұмыстарының онай жолы болып табылады.

Полярлық координаталар әдісі бұл әдс көбіне палигонометрия пункттері бойынша жоба нүктелерін жер бетіне шығару үшін қолданылады. Жер беті жобалық бұрышты салудың дәлдігіне нақты өлшемдердің қателері, аспаптық, сыртқы орта әсер етеді.

Полярлық координаталар әдісі

Тік бұрышты координаталар әдісі. Әдіс учаскеде координаттар жүйесінде жобаның барлық негізгі нүктелерінің позициялары көрсетілген геодезиялық құрылыс торы болған жағдайда қолданылады. Ең жақын тор нүктесінен x және y координаттарының аяқталуын есептеп (5-сурет), абсциссалардың немесе ординаталардың тордың сәйкес жағы бойымен өсімі белгінің ортасынан кейінге қалдырылады.



5-сурет – Полярлық координаталар әдісі


Тікбұрышты координаттар әдісі

Құрылысқа торларының нүктелерінің қатысы бар тікбұрышты координаттар әдістерін қолданып нүктені белгілеу дәлдігіне, негізінен, координаталар өсімдерін туралаулар (m_x және m_y) бойымен кейінге қалдыру қателігі және дұрыс құру қателігі әсер етеді. бұрышы (m).

Формулаларды салыстырудан m қатесінің шамасы бөліну ретіне байланысты екенін көруге болады,яғни. тордың бүйіріне қай координатты және оған перпендикуляр қою керек. Егер тордың бүйіріне перпендикуляр қысқа қашықтықты кейінге қалдырса қателіктері аз болады.

Тіктөртбұрышты координаттар (6-сурет) полярдың айрықша кезіндегі мысалы ретінде қарастырсақ болатындықтан онда $m^2 l^2 = m^2 \Delta x^2 + m^2 \Delta y^2$ x және y координаталық осьтен қашықтыққа қойылған үшін өсімдері нөлге тура келеді,

полярдық режимдегі бастапқы деректердің қателіктерінің әсерін есепке алу үшін алынған формулаларды тікбұрышты координаттар шығу үшінде игеруге болады (7-сурет).



6-сурет – Тік бұрышты координаталар әдісі


Координаталар жағынан нүкте қойғанда

:

$$A = m_{\Delta y}^2 + m_{\Delta x}^2 + \left(\frac{m_{\beta}}{\rho}\right)^2 \Delta x^2 \quad (1)$$

егер абсцисс жағынан болса, онда:

$$A = m_{\Delta x}^2 + m_{\Delta y}^2 + \left(\frac{m_{\beta}}{\rho}\right)^2 \Delta y^2 \quad (2)$$



7-сурет – Тік бұрыштық засечка әдісі

2.4 Орындалатын жұмыстардың дәлдіктерін тексеру

